



otbasym.kz

ОТБАСЫМ

№28 2018



Республикалық «Мерейлі отбасы» байқауының бас жүлдегері –

НИЯЗҚҰЛОВТАР ОТБАСЫ

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

С ВОСХИЩЕНИЕМ И ЛЮБОВЬЮ...



МАЗМҰНЫ

Ұлттық комиссия тынысы.....	4
Отанға деген махаббатты оятпаған адамның, отауға деген махаббаты да оянбайды. 8	8
Дети и балет: от хореографического училища до сцены	10
Мерейлі отбасы.....	12
Мәуелі бәйтерек	14
Келіні жақсы қандай-ды... ..	16
Үлгілі отбасы – қоғам негізі.....	20
С восхищением и любовью... ..	23
Егер адам талантты болса, барлық жағынан талантты.....	24
Кітап – білім бұлағы.....	44
«Smart City»: бүгінгі күннің шындығы немесе болашақтың көрінісі	28
Қағаз қолданбайтын аурухана... ..	31
«Бонусы» и баллы	32
Адами капитал – жаңғыру негізі: білімнің қайнар көзі	34
Четвертая инициатива в цифрах и фактах.....	38
Игілігі мол әлеуметтік жоба.....	40
Конституция: великое видится на расстоянии	42
Отаным – мәңгі жүрегімде.....	46
Культура кочевого народа глазами итальянского ученого.....	48
Веселая школа	50



Отбасылық құндылықтар туралы
қазақстандық қоғамдық-саяси журнал

«ОТБАСЫМ»

№28 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ
ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ
ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ

БАСПА:

«Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық кеңестің төрайымы:

Гүлшара Әбдіқалықова

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат
жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы,
Мемлекеттік хатшы

Редакциялық кеңестің мүшелері:

Ләззат Сүлеймен
Елена Тарасенко

Бас редактор:

Шолпан Сыздықова

Жауапты редактор:

Әлия Іңкәрбаева

Дизайн және беттеу:

А. Қалибекұлы

Әдеби редакторлар:

Г. Колтубаева
Г. Қадырова



ОТБАСЫМ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қ., Сығанақ көшесі, 25,
«АҢСАР» бизнес-орталығы, 10 қабат
Телефон/факс: 8 717 2 550 658, 550 657
e-mail: otbasym.kz@gmail.com

www.otbasym.kz

Басып шығарылған орны:

«Leader Offset Leader Компаниясы» ЖШС
Алматы қ., Райымбек батыр көшесі, 212 А

Журнал Мәдениет және спорт

министрлігінде тіркелген

30.01.2009 жылғы №9855 куәлік.

Шығарылу жиілігі: екі айда бір рет.

Басуға 29.08.2018 жылы қол қойылды.

Таралымы 5000 дана.

Жарнамалық материалдардағы ақпарат дұрыстығына жарнама берушілер жауапты болып табылады. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сай келмеуі мүмкін. Журнал материалдарын пайдаланғанда міндетті түрде сілтеме жасалынуы қажет. "Деловой Мир Астана" ЖШС менеджментінің интеграцияланған жүйесі сәйкестілігін қамтамасыз ететін аккредиттелген мекеменен сертифицирталған және КР ИСО 9001:2009 СТ талаптарына сәйкес келеді.

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯ ТЫНЫСЫ

Заседание Национальной комиссии



Открывая заседание, Г. Абдыкаликова акцентировала внимание на словах Елбасы Н.А. Назарбаева: «Занять место в передовой группе, сохраняя прежнюю модель сознания и мышления, невозможно. Поэтому важно сконцентрироваться, изменить себя и через адаптацию к меняющимся условиям взять лучшее из того, что несет в себе новая эпоха».

Государственный секретарь отметила, что приоритетные направления программ «Рухани жаңғыру» и «Пять социальных инициатив Президента» направлены на модернизацию общественного сознания и повышение

качества жизни. В этом контексте вопросы духовно-нравственного развития подрастающего поколения, обеспечения их прав и законных интересов, а также охрана репродуктивного здоровья граждан приобретают особую значимость.

По информации Министерства образования и науки, в Казахстане создана институциональная основа для обеспечения прав и законных интересов детей. Ратифицировано 15 международных документов, работают институт Уполномоченного по правам ребенка, Комитет по охране прав детей, Центры поддержки детей, находящихся в трудной жизненной ситуации.

В качестве пилотного проекта в 71 организации образования реализуется модель интеграции программы нравственно-духовного образования «Самопознание». Совместно с Генеральной прокуратурой выполняется дорожная карта «Защитим детей вместе», направленная на профилактику насилия среди несовершеннолетних. Сегодня в школах работают 8362 психолога, 4268 социальных педагогов, 2177 инспекторов полиции.

По информации Министерства здравоохранения, в целях реализации Концепции семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года принимаются системные меры по укреплению репродуктивного здоровья граждан и охраны здоровья матери и ребенка. В результате за 2017 год уровень материнской смертности снизился на 1,5%, младенческой смертности - на 7%. В регионах с участием 60 НПО реализовано 112 социальных проектов по планированию семьи, охране здоровья матери и ребенка. Проводится патронажное профилактическое наблюдение детей до 5 лет, организовано более 600 кабинетов здоровья ребенка. В 81 молодежном центре здоровья свыше 125 тыс. человек получили консультативную, юридическую и медико-психологическую помощь по вопросам репродуктивного здоровья.

В завершение заседания Государственный секретарь дала ряд конкретных поручений госорганам.

Встреча деловых женщин

В своем приветствии Гульшара Абдыкаликова акцентировала внимание на словах Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева: «Женщины Казахстана сыграли выдающуюся роль в становлении и укреплении Независимости страны».

Государственный секретарь подчеркнула, что благодаря поддержке Главы государства в стране проводится масштабная работа по развитию женского предпринимательства, защите материнства и детства, расширению прав и возможностей женщин.

Далее Г. Абдыкаликова отметила, что одним из основных приоритетов государственной политики является кардинальное улучшение и расширение бизнес-среды. Поставлена стратегическая цель достичь к 2050 году не менее 50%-го вклада малого и среднего бизнеса в ВВП страны.

– Казахстан в настоящее время проводит политику ухода от сырьевой зависимости и создания умной

инновационной экономики. В этом направлении динамично развивается и женское предпринимательство. Превалирующей нишей в бизнесе для казахстанок является сфера услуг: в здравоохранении, образовании, культуре, информации, фэшн-индустрии и др. Активно развивается сотрудничество с финансовыми институтами, – сказала Госсекретарь.

В завершение встречи Государственный секретарь РК Г.Н. Абдыкаликова пожелала деловым женщинам Казахстана, ОАЭ, Египта и Грузии крепкого здоровья, больших успехов и благополучия.

Во встрече также приняли участие Чрезвычайный и Полномочный Посол ОАЭ в РК М. Аль-Джабер, президент Совета женщин-предпринимателей ОАЭ при Президенте страны Ф. Камбер Аль Авадхи, президент Союза деловых женщин Грузии Е. Маисурадзе, а также представительницы бизнес-сообщества Казахстана, ОАЭ, Египта.

«Мерейлі отбасы»



Открывая мероприятие, Государственный секретарь, председатель Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан зачитала приветственное слово Елбасы Н.А. Назарбаева участникам церемонии. В нем подчеркнуто, что за годы Независимости укрепление института семьи всегда было одним из приоритетов социальной политики государства. В этом направлении приняты важные решения. Стало традицией ежегодно отмечать День семьи, проводить Национальный конкурс «Мерейлі отбасы».

Участниками конкурса являются представители семей, воплотивших в себе высокие духовные ценности – патриотизм, трудолюбие, отзывчивость и милосердие.

В рамках торжественного мероприятия Госсекретарь вручила каждой семье-финалисту диплом и ценные подарки.

По итогам финального тура конкурса посредством sms/интернет-голосования, которое проводилось с 31 августа по 7 сентября, была определена семья-победитель. Лауреатом Национального конкурса «Мерейлі отбасы» в 2018 году стала семья Ниязкуловых из Жамбылской области. Глава семьи Ниязкулов Умен (83 года) более 40 лет проработал учителем и директором в сельской школе. Супруга Ниязкулова Баян (80 лет) 26 лет проработала учительницей начальных классов. Педагогическую деятельность старшего поколения продолжили дети и внуки. Общий педагогический стаж династии в трех поколениях – 198 лет. Супруги вместе 63 года, воспитали 12 детей и 32 внука, растят 20 правнуков.

Государственный секретарь РК Г.Н. Абдыкаликова торжественно вручила семье-победителю памятную статуэтку и ключи от автомобиля.

Церемония награждения завершилась праздничным концертом с участием популярных артистов казахстанской эстрады.



Мероприятие было организовано в рамках реализации долгосрочного содействия Казахстана социально-экономическому восстановлению Афганистана, укреплению регионального мира, стабильности и безопасности.

Выступая на церемонии открытия, Государственный секретарь зачитала участникам конференции приветствие Президента страны Н.А. Назарбаева, в котором подчеркнута приверженность Казахстана содействию скорейшему установлению мира в Афганистане, а также высоко оценены шаги афганского правительства по улучшению положения женщин, обеспечению гендерного равенства и достижению мира.

Г. Абдыкаликова отметила важность вовлечения Афганистана в экономические связи со странами Центральной Азии. В данном контексте Госсекретарь предложила разработать комплексную программу развития женского предпринимательства с широким участием международного бизнеса в реализации конкретных экономических проектов в Афганистане и регионе в целом. Это, в свою очередь, расширит социально-экономические возможности женщин Афганистана.

По итогам конференции была принята Астанинская декларация. В документе определены направления регионального взаимодействия по расширению прав и возможностей женщин в Афганистане и в целом



продвижению гендерного мейнстриминга в странах Центральной Азии.

В рамках конференции Государственный секретарь провела двусторонние встречи с заместителем премьер-министра – председателем Комитета женщин Республики Узбекистан Т. Нарбаевой, а также главой афганской делегации – министром по делам женщин Исламской Республики Афганистан Д. Назари, в ходе которых были обсуждены текущее состояние и перспективы сотрудничества Казахстана с Узбекистаном и Афганистаном.



Бақытбек СМАҒҰЛ:

«Отанға деген махаббатты оятпаған адамның, отауға деген махаббаты да оянбайды»

Бүгін журналымыздың қонағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Бақытбек СМАҒҰЛ мырза отбасы құндылығы мен отбасындағы әке рөлі жайлы ой бөлісті.

– Сіз ұсынған «Әкелер мектебі» қандай болмақ, жалпы, ол мектептің бізге берері қаншалықты?

– «Әйел – үйдің азығы, еркек – оның қазығы» дейді, ол тек материалдық тұрғыдан емес, рухани азығы, міне, соның азғындағанының кесірінен ер азаматтар өздеріне әкелік парызды жүктемейді. Керісінше, «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» демекші, осы себепті мен әскери саланы неге қозғап отырмын. Әрбір азаматқа жігіттік сипат беретін – әскер, Отанға деген махаббатты өзінде оятпаған адамның, отауға деген махаббаты да оянбайды. Ал, сол Отанның ішінде елге деген сағыныш бар, Отанды бағалау деген бар, ата-анаға деген құрмет бар. Мен барлық жастарды әскер қатарында болсын демеймін. Ата Заңымыздың 36-бабында әрбір қазақстандық азаматтың әскер қатарына баруы – парыз, міндет. Десек те, бей-жай жүрген қазіргі азаматтар, олар әскерге барған жағдайда өзін-өзі шыңдайды, ата-анаға масыл болмайды. Жоғары оқуға қолы жетсін, жетпесін прокурор болам, ия экономист болам деп армандап қана емес, талғамын тани алады. Тіпті, жоғары



оқу орнын бітірген азаматтар бар, ата-аналарына әлі күнге дейін салмақ салып отыр. Ал, егер ол сол өмірді көрген болса, Отанның қадір-қасиетін білген болса, соған қорған бола білсе, ешқашанда қиындықтан қашпайды. Оған шыңдайтын, әрине, осы әскери тәртіп. Әкелер форумында, кеңесінде мен неге орталық деп айтып отырмын, сол жерде мектеп болса деп, себебі ол жерлерде мықты азаматтар бар, тәжірибесі мол, тіпті Қазақстан ардагерлер қауымдастығы «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастарды көп тәрбиеге баулып жатыр.

– Бұл, бір сөзбен айтқанда ер азаматтың бойындағы намысты оятудың да бір тәсілі болып табылмай ма?

– Иә, қазір көп азаматтар намысты ұмытып кеткен. Бір ғана мысал айтайын: біздің қаракөз қыздарымыз өзге елге кетіп, өзге ұлттың азаматымен некелесіп жатыр, бұл ер азаматтардың алдындағы жауапкершілік, намыс. Олар неге кетіп жатыр, неге біз жауапкершілігімізді жоғалтып алдық, соны ойлану керек. Біз қандай жағдайда да әйел жанының нәзік екенін ұғыну керекпіз, оларға қорған болуымыз керек. Ол қандай жұмыс жасаса да, керемет қызметте отырса да, олардың нәзік екенін ұмытпауымыз керек, олардың табиғаты нәзік. Біз еркек болып дүниеге келгеннен соң, мойнымыздағы жауапкершілікті білуіміз керек. Балаларын тірі жетім қылып, уақытша болып жатқан қиыншылыққа шыдамай, қыз-келіншектердің мойнына барлық ауыртпашылықты салып, жоқ болып кетіп те жатыр. Ал, әскер шыңдайды, төзімді болуға, мәрт болуға, Отанын, отбасын сүйуге, сыйлауға, олар үшін төсін желге қоюға үйретеді.

– Сіздің бұл бастамаңыз қолдау тапты ма?

– Әрине, қолдайды. Қоғам қолдайды, бірақ біз Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігіне ұсыныс жасаймыз. Себебі, бұл үлкен жұмысты қажет етеді, тек қана жай сөз емес, оны іспен көрсету керек. Әкелер форумы болғанда еліміздің барлық түкпірінен келді, қандай тамаша әкелер бар, олардың бәрі дерлік осы бағытта жұмыс жасауға аянбайды.

– Сонда бұл әкелер мектебі қай жерде ашылмақшы, жігіттердің әскери борышын өтеп жатқан жерлерінде ме, әлде оқу орындарында ма?

– Әскери салада бізде үлкен патриоттық орталық бар. Ол Қорғаныс министрлігіне қарайды. Сол жерде патриоттық клубтар федерациясының комитеті бар. Ол жерде біз Жастар саясатымен, ауған ардагерлерімен біргеміз және сол патриоттық орталық – бар жігітті жани білетін орталық, міне, сол жерге уақытша болса да тартпақшымыз. Ер азаматтың өзіндік бір жігері, үні, өзіндік бір сыры болуы керек, өзіндік жүгі болуы керек, ол одан

қашпайды, егер біз қалыптастырсақ. Ата-ана баласын аялайды, аяйды, ал жаңағы орта оларды тәрбиелейді.

– Отбасындағы қолайсыз бір мәселелер де шешіліп, сол мектептен шыңдалады дейсіз ғой?

– «Баланың бас сабағы – әкенің қас қабағы» десек, әкенің бойында бір төзімділік, ұстамдылық болуы керек. Әйел адамға салмақ салуға болмайды, ол сенің ұрпағыңды тәрбиелеп өсіріп отырса, оның өзі үлкен салмақ. Ал қалған дүниені ер жігіт көтеруі қажет. Қазіргі таңда тіпті баламен үйде отырған еркектер қаншама, әйелі жұмыс жасайды, өзі жатады. Осы еркектің жұмысы ма, жоқ, әрине. Сен жаса оның бәрін, тең құқылы деп айтып отырсың, бола берсін, бірақ сенің құқығың, азаматтық құқығың биік. Қай тұрғыдан? Жауапкершілік тұрғысынан. Алименттен қашады, осы дұрыс па? Көбінесе қиындыққа төзіп ұстайтын әйел азамат, егер сен мықты болсаң, бәрін өзің ұстайсың. Аялап, әлпештеп, сыйлап ұстайсың, сен төмпештеп отырсаң, қалай ұстамақсың. Әйел адамды қадірлесен, саған, отбасыңа бақ та, береке де береді.

– Отбасындағы ұйытқы, ауызбіршілік, татулықтың кілті бола білуге баулитын болса, нұр үстіне нұр.

– «Мерейлі отбасы» республикалық байқауы өтті, баршаңыз білесіздер, 40 шақты отбасымен таныстық, бірі үлкен 95-ке келген қария болса, бірі тракторды меңгерген, біреуі құрылыста болса, біреуі мұғалім. Олар магистратура оқыған жоқ, қымбат көлік мінген жоқ, шетелге де барған жоқ, бірақ олар отбасында тату, керемет үлгі боларлық. Ал сенде бәрі бар, бірақ сен сол татулықты жасай алмай отырсың. Біз соны көрсетіп отырмыз.

– Мүмкін бізге әкелер рөлін нығайтатын фильм бе екен, әлде өзге дүние жасап көрсету керек шығар. Санаға сіңіру үшін?

– Негізі отбасы құндылығына арналған көптеген дүниелер бар. Қай жанрда қалай көрсетсек те, ол артық етпейді, әрине. Өздері толыққанды отбасын ұстап отырған әкелер бей-жай қалмайды деп ойлаймын.

– Біздің «Отбасым» журналы «Әкелер» деген керемет бір әдеби байқау жарияласаңыздар деп ұсынғымыз келіп отыр, қалай ойлайсыз? Өз ата-бабаларын еске алып, өз әкелеріне деген бір сезімдерін білдіретін әңгіме, роман, повесть жазса, өлеңдер, жырлар арналса?

– Керемет, тамаша ой екен. Ойланып, бірігіп жасайық. Біз кез-келген отбасындағы әкелер құндылығын дәріптеп көрсететін ұсынысты қуана қолдаймыз.

– Сұхбатыңызға рахмет, бастама оң жалғасын табатынына сенімдіміз!

Дети и балет:

*от хореографического
училища до сцены*



Затрагивая тему «Дети и балет», я бы отметила два аспекта: первый – жизнь детей в хореографическом училище, второй – балет и материнство. Начнем с первого. Несколько десятилетий тому назад, когда женщина должна была выйти на работу после 1,5 лет декрета, возникал вопрос: куда деть ребенка? На первом этапе помогали ясли, детские сады, но, когда ребенок немного подрастал, многим родителям хотелось, чтобы их дитя было всегда под присмотром, получало образование, прививалась бы ему любовь к высокому искусству. И тут большим подспорьем были специализированные школы-интернаты, в которых выросли я и все мои коллеги. И сегодня государство бесплатно продолжает учить и «растить», воспитывать юных казахстанцев. Среди детей, которые выбирают свой профессиональный путь уже в девять лет, особую категорию составляют будущие артисты балета. Они начинают серьезно осваивать профессию, едва окончив начальные классы обычной средней школы – ведь именно в этом возрасте детей принимают в хореографическое училище. Мне бы очень хотелось призвать родителей, которые не могут уделить достаточного времени воспитанию своих чад: если они видят потенциал в своем ребенке, не бояться отдавать их в хореографическое училище. Так наше подрастающее поколение будет развиваться в культурной среде, будет повышаться уровень культуры в стране в целом. Будь то училище или Академия хореографии – они помогают детям открыть мир сцены в полной мере, научиться без волнения исполнить номер, овладеть актерским мастерством, пластикой, а также подружиться со своими коллегами – юными талантами студии. Благодаря навыкам актерского мастерства, человек открывает путь к творческой свободе, многообразному полноценному общению. Ожидать от ребенка осознанного решения стать приверженцем классической музыки или балета, наверное, глупо. Очень многое решают родители. И ответственность лежит именно на них. Им необходимо объяснять цели и задачи, которые педагоги будут ставить перед их детьми. Нужно создать атмосферу сотрудничества с папами и мамами, чтобы пошел процесс творческого сотрудничества с юными артистами балета, музыкантами, которое, в конечном счете, даст детям возможность выступать на сцене рядом с профессиональными артистами. Кто-то из известных педагогов сказал, что главная задача учителя состоит в том, чтобы научиться бережно обращаться с разными детскими характерами, темпераментами. Мне повезло с учителями. И с полной уверенностью могу сказать, что в Казахстане прекрасный состав балетных педагогов.

Ну, а как же живут артисты балета после окончания хореографического училища? Раньше выбор профессии балерины означал, что ты никогда не сможешь стать



*Член Национальной комиссии
по делам женщин и семейно-
демографической политике при
Президенте РК, заслуженный деятель
Республики Казахстан, ведущая
солистка «Астана Опера»
Мадина Басбаева*

мамой. Так как балетный век очень короткий, многие не решались создавать семьи. Сейчас все стало значительно проще. Мир стремительно развивается, женщина стала многозадачной. Она и железная леди-предприниматель, и любящая мама. Та же ситуация наблюдается и в балете. Многие балерины успевают обустроить дом, создать комфортные бытовые условия, стать матерью и вместе с этим быть успешной артисткой балета на сцене театра.



Мерейлі **ОТБАСЫ**

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Жылдан-жылға әдемі жалғасын тауып, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биылғы жылы да іс-шараны ашқан Мемлекеттік хатшы әрі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Г.Н. Әбдіқалықова рәсімге қатысушыларға Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың құттықтау сөзін оқып берді. Онда отбасы институтын нығайту тәуелсіздік жылдары мемлекетіміздің әлеуметтік саясатына айналғаны айтылған. Бұл бағытта маңызды шешімдер қабылданды. Бүгінде жүзеге асырылып жатқан «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» сияқты жалпыұлттық жобалар қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға, отбасыға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған.

Отансүйгіштік, еңбекқорлық, мейірімділік пен қайырымдылық сияқты рухани құндылықтарды бойына сіңірген отбасылар конкурстың жеңімпаздары болып саналады.

Салтанатты іс-шара аясында Мемлекеттік хатшы ақтық кезеңге өткен әрбір отбасыға диплом мен бағалы сыйлықтар тапсырды.

Конкурстың соңғы кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпаз отбасы 31 тамыз бен 7 қыркүйек аралығында өткен sms/интернет арқылы дауыс беру нәтижесінде анықталды. Жамбыл облысынан қатысқан Ниязқұловтар әулеті «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының 2018 жылғы лауреаты атанды. Отағасы Ниязқұлов Өмен (83 жаста) 40 жылдан астам уақытауыл мектебінде мұғалім, директор қызметтерін атқарған. Зайыбы Ниязқұлова Баян (80 жаста) 26 жыл бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеген. Аға буынның педагогикалық қызметін балалары мен немерелері жалғастыруда. Әулеттің 3 буынының жалпы педагогикалық өтілі – 198 жыл. Ерлі-зайыптылар 63 жыл бірге өмір сүріп келеді, 12 бала, 32 немере, 20 шөбере тәрбиелеп, өсіріп отыр.

Г.Н. Әбдіқалықова жеңімпаз отбасыға салтанатты түрде естелік мүсінше мен автокөлік кілтін табыс етті.

Марапаттау рәсімі қазақстандық танымал эстрада әртістерінің мерекелік концертімен аяқталды.

Биыл «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өңірімізден 361 отбасы қатысты. Әрбір отбасы – көпке үлгі болған елге сыйлы әулеттер. Аймақтық кезеңнің ақтық сынына жолдама алған 12 отбасының барлығы сый-құрметке бөленген болатын.

Биылғы жылы алғаш рет Астана қаласының 20 жылдығына және «Мерейлі отбасы» ұлттық республикалық конкурсына 5 жыл толуына орай, Елбасының бастамасымен гран-приден бөлек 2 отбасыға дипломант атағы берілді. Соның бірі Қызылорда облысынан Ишанқұловтар отбасы «Мерейлі отбасы» республикалық конкурсының дипломанты атанды. Екінші отбасы – ақтөбелік Айтбаевтар отбасы.

Отбасы – мемлекетті құратын қоғамның бөлшегі. Егер отбасында бірлік, жақсы тәрбие, білім, мәдениет, отанына деген сүйіспеншілік болса, тұтас мемлекет те сондай болады. Сол себепті елімізде осындай мерейі тасыған отбасылар көбейе берсін демекпіз.

Мәуелі бәйтерек

«Қазақстанның оқу-ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталған, ауылдық кеңестің бірнеше мәрте депутаты болған, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығына байланысты «Тыл ардагері» атағы медалімен марапатталған, Білім және ғылым министрлігінің, облыстық және аудандық әкімдіктердің арнайы медальдарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған Ниязқұлов Өмен 1935 жылы дүниеге келген. 40 жыл білім саласында абыроймен қатардағы мұғалімнен бастап мектеп директоры лауазымында қызметтер атқарған отағасы Кеңес Одағының «Батыр Ана» медалінің, «Алтын алқа» медалінің иегері, 26 жыл ұстаздық еткен ардақты ана Баян апаймен отбасын құрып, бүгінде ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерешөбере сүйіп отырған еліміздің үлгілі отбасыларының бірі. Республикалық «Мерейлі отбасы» байқауының Бас жүлдесін жеңіп алған отбасының қуанышын сіздермен бөліссек дейміз.

– Республикалық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы атану оңай емес. Үлкен байқауда топты жарып шыққан Сіздердің отбасыларыңыздың ерекшелігі неде?

– Елбасымыздың Отбасы күніне арналған «Мерейлі отбасы» байқауына бел шешіп қатыстық. «Отан отбасынан басталады» дейді. Қазақта мақал бар: «Ырыс қайда барасың, ынтымағы жарасқан үйге барамын» демекші, көп жанұялы болсақ та, бір-бірімізбен ынтымағымыз жарасып, үлкен-кішіні сыйлап, адал болып, мейірімді болып, ұрпағымызға тәлім-тәрбие көрсетіп, келіндеріміздің көңілін қалдырмай отырғанымыз сыйластығымыздың арқасы деп білеміз. Жұбайым Баян екеуміз бір ауылдың тумасымыз, бір-бірімізді сүйе біліп, қадірлей біліп, отау құрдық. 12 бала өсіріп, одан 33 немере, 20 шөбере сүйіп отырған жайымыз бар. Балаларымыз білім және құқық қорғау салаларында абыройлы еңбек атқарып келеді. Әулетіміз ауданға, облысқа танымал, қоғамдық жұмыстар мен ауданның мәдени-көпшілік барлық шараларында белсенділік танытады. Отбасылық ұстаным – халыққа қалтқысыз қызмет ету. Немерелеріміз де ата-ана, ата-әже жолын қуып, ұстаздық мамандықты таңдауға бет бұрып жүр. Немерелеріміз – облыстық «Назарбаев Зияткерлік

мектебінің» түлегі, облыстық ерекше дарынды балаларға арналған мектеп-интернат түлектері. Болашақта ұстаздар династиясын өсіріп, халыққа таныламыз» дейді. Бұл Алланың бізге берген сыйы деп түсінеміз.

– Осындай өнегелі ұрпақ өсіріп отырған Сіздердің ең алғашқы қадамдарыңыз оңайға соқпағаны анық. Ол кезде соғыстан кейінгі, күрделі бір кезеңдер еді. Сол қиындыққа қарамай, мойымай отбасы құндылығын жоғары қойдыңыздар. Баян апай, Сіздің енеңіз болды ма, бала тәрбиесіне көмектесті ме ?

Өмен ақсақал: «Әрине, ол бір қиын кезеңдер өтті ғой. Соғыс та, ашаршылық та, әкеден ерте айырылдым, қарындасым мен інім де бақилық болып кетті. Мен атам мен әжемнің және анамның жанында жалғыз қалғандықтан, ерте есейіп, колхоздың жұмысына ерте араласып кеттім. Өзім жалғыз болғандықтан, үрім-бұтағымды көбейтейін деген ниетімді Алла қабыл етті».

Баян апа: «Екі ененің тәрбиесін көрдім. Өте жақсы, кең кісілер еді. Екеуі бала тәрбиесіне қатты көмектесті. Ол кісілерге алғысым шексіз. Балам дүниеге келген соң, екі айдан кейін бірден жұмысқа шығып отырдым. «Қызым, сен жұмысыңнан қалма, баланы біз өзіміз қараймыз» деп отыратын еді.

– Осы «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы атанған сәтте қандай көңіл-күйде болдыңыз?

– Елбасымыздың қамқорлығының арқасында, бас жүлде иегері атанған сәтте, көліктің кілтін табыстағанда, қуанғанымнан көзімнен жас шығып кетті. Тіпті, қуанғаннан Гүлшара Наушақызына рақметімді айта беріппін ғой. Еңбегімнің жемісін көрген деген осы екен, еленгенімді сонда білдім.

– Қоғамда болып жатқан ажырасу, келеңсіз бір жайттарды көргенде қайтесіз, қандай кеңес берер едіңіз?

– «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, ауылымызда теріс бағытқа бара жатқан адам, отбасы көрсем, онда үйлеріне барып ақыл кеңесімді беріп тұрамын. Себебі, мен Ауыл ақсақалдары алқасының төрағасымын. Әрбір адам



өзінің отбасын сақтап, ынтымақты болса, ұрыс-керіссіз, көршілерімен қарым-қатынасы жақсы болса, үлкен-кішіні сыйлай білсе, ол отбасы еліміздің басты құндылығы болып есептелетіні сөзсіз.

- Бала тәрбиесін қалай бөлістіңіздер?

- Әрине, үйде аналары мен апалары қараса, мен сыртта қамқор болуға тырыстым. Бала тәрбиесіне мен қатты қарадым. Ал, немере-шөберелеріме келсек, әрқайсысының әке-шешелері қадағалап қараса да, біз өз тәрбиемізді өзімізше қадағалап беріп отырамыз, кемшілігі болса, ескертіп айтып отырамыз.

- Балаларыңыздың мамандық таңдауында қандай рөл атқардыңыз?

- Мамандық таңдауында, болашаққа бағдар алуда өздеріне көп ерік бердім, дегенмен, оған қарамастан бағыт-бағдарды өзім білдіртпей беріп отырдым. Ал, немерелерімнің әке-шешелері менімен бірінші ақылдасып алады. Содан кейін бірлесіп отырып бағыттаймыз. Мамандық таңдау, әрине әр адам өзі таңдау керек. Себебі, ол сол мамандықтың иесі.

- Баян апай екеуіңіз қалай таныстыңыздар?

- Екеуіміз бір мектепте оқыдық, бір-бірімізді біліп, сүйіп қосылдық. Міне, отау тіккенімізге 63 жыл болды. Әрине, ыдыс-аяқ сылдырламады деп айтуға болмайды, оған біз үнемі кешіріммен қарадық. Біреуіміз ашуланғанда,

екіншіміз басу айттық. Осындай дәрежеге отбасымыздың амандығының арқасында, сыйластықтың арқасында жеттік. Би түсетін үй болдық, шүкір.

- Баян апамызға 8 наурызда, басқа да мерекелерде сыйлық жасайсыз ба?

- Міндетті түрде. Ол бір қымбат болмаса да, біз үшін баға жетпес сәттер ғой. Дастарханымызды жайып, көрші-қолаң, бала-шағамыздың арасында өткіземіз.

- «Отбасы құндылығын» қалай түсінесіз?

- «Отбасы құндылығы» дегеніміз ол, балаларымыздың амандығы, немере-шөберелеріміздің аман-есен өсіп келе жатқаны, олардың тату-тәтті тұруы. Қызметтеріне адал болуы, осының бәрі бір мәртебе, – деп әңгімесін аяқтаған ақсақалдың ойын әрі қарай осы отбасының келіні Манат жалғастырды: - «Менің келін болып келгеніме 26 жыл болыпты. Содан бері осы шаңырақта ата-енеммен тұрамын. Мен ауылдың өмірін білмей өскен едім, ауылға келін болып түскеннен кейін, көп нәрсеге үйрену керек болды, сол кезде мамам маған көп нәрсе үйретті. Мен жақсы ене мектебінен өттім. Ал, мамандығым инженер еді, ауылда менің мамандығыммен жұмыс болмаған соң, мен де ата жолын қуып, мұғалім-географ болдым. Осы отбасына келгеніме мен қуанамын», – деп әңгімесін аяқтады. Осындай қара шаңыраққа айналған бұл отбасына біз де «Отбасым» журналының редакциясы атынан сәттілік тіледік.

«Келіні жақсы қандай-ды...»



«Өнегелі отаудың өрісі кең» демекші, өрісін кеңге жайып, тамырын тереңге жіберген, діңі мықты, текті, тіректі отбасылар бәрімізге үлгі өнеге болып қала бермек. Осындай еліне сыйлы жанұялардың бірі – «Мерейлі отбасы» байқауының дипломанты, ақтөбелік Айтбаевтар отбасы. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы облыстық турының бас жүлде иегері атанып, Республикалық байқауға жеткен бұл отбасы жайлы жаза берсең, том-том кітап шығады-ау. Отбасының үлкен немересі Димаштың өзі бір үлкен тұлғаға айналғанын баршамыз білеміз. «Отбасым» журналының оқырмандары назарына осы бір керемет отбасының келіні, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, бақытты Ана, аяулы жар, қазақ атын миллиардтар еліне танытқан Димаштың анасы Света Айтбаевамен сұхбатты ұсынғанды жөн көрдік.

– *Света ханым, сіздердің отбасыларыңызды құттықтай отырып, келін боп түскен әулетіңіз туралы айтып берсеңіз. Ата-енеңіз өнеріңізді қалай қабылдады?*

– Қанат үйінде жалғыз ұл. Гүлзира деген апасы, Нұргүл деген қарындасы бар. Екеуі де мұғалім. Мен жалғыз келіндерімін. Ата-енем сол өмір бойы ұстаздық қызмет атқарған кісілер. Димаш өмірге келгенде енем 47 жаста екен. Димашты бағам деп, мектептегі соңғы қоңырауын соғып, жұмыстан шығып кетті. Ол кезде ауылда тұратын. Баланы төстен айырмас үшін, атам екеуі қалаға көшті. Қазір енді Астанада, Димаштың қасында тұрады. «Өмір бойы Димаш қайда барса, сонда жүрміз» деп өздері күледі. Жақсы жерге келін боп түстім. Өте жақсы кісілер. Тұрмысқа шыққанда бар-жоғы 20 жастамын. Бала жыласа ұйқымды қимай, қиналып отырғанда енем: «қазір кішкене шыдай

тұр, баланы тамақтандырып берші, сосын ұйықтайсың» деп қасымда отыратын. Баланы емізіп берген соң, өзімен бірге алып кетеді. Осы уақытқа дейін арамызда ешқандай кикілжің болмапты. «Қалай енеңмен ым-жымдарың бір» деп бәрі күледі. Өнерге, ән айтуыма еш қарсылықтары болмады. Қоғамдық жұмыс, концерт, гастроль деп сыртта жүргенде, балаларды сабаққа апарып-әкеліп, тамақтарын беріп, бар жағдайларын жасап отырады. Үйге алаңдамай, емін-еркін қызметімізді жасап жүрміз.

– **«Келін енеңнің топырағынан жаралады» дейді. Рас па?**

– Рас. Жалпы қазақта «Жақсы жерге түскен келін – келін, жаман жерге түскен келін – келсап» деген де сөз бар ғой. Мен – бақытты келінмін. Жиырма жасымда келін боп түстім, енемнен көп нәрсе үйрендім. Әлі күнге дейін үйреніп келе жатырмын.

– **Ата-енемнен тұрған, әсіресе, өнер адамына қиын емес пе?**

– Жоқ, керісінше, өте оңды. Себебі, балаларға алаңдамаймыз. Гастрольдік сапарларға еркін кетіп, қызметімізді алаңсыз атқарамыз. Балалар тәрбиесінде атам мен апамның еңбегі ерен.

– **Бұрын жұрт Димашты Қанат пен Света Айтбаевтардың перзенті ретінде танытын. Енді сіздерді Димаштың әке-шешесі деп атай бастапты. Бұған қалай қарайсыздар?**

– (Күліп) Үйреніп келеміз. Димаш негізі ата-енемнің баласы ғой. Бізге телініп жүргені беріде ғана. Әйтпесе үш айлығынан сол кісілердің қолында болды. Студент болдық, жас едік, сол кезде ұйқылары қансын, қатарларынан қалмасын деп өздері бағып-қақты. Соның арқасында кішкентайынан мейірімге қанып, бауырмал боп өсті. Әлі күнге дейін ол кісілерді папа-мама, ал бізді «ағатай», «Света апа» дейді.

Енді қара танып жүрген кезінде бір қызық болған. Қолына өзінің туу туралы куәлігі түскен Димаш ондағы «Қанатұлы» деген жазуды көріп, боз-боран болып жыласын кеп. Тіпті жыртып тастамақ болды. Сосын папа-мамасы: «Бізге үлкен кісілер деп сенбегесін, уақытша осылардың аты-жөнін жаздырғанбыз...» – деп әрең көндірді.

– **Әдетте жас келіндер баласын ата-енесіне бергісі келмейді ғой. Сізде ондай сезім болған жоқ па?**

– Жоқ. Өйткені мен де ата-әжемнің қолында өстім. Бес қыздан соң туған атамның есімін әке-шешесі «Әй, бір жеттік-ау...» деп Жетеш қойған екен. Сол Жетеш пен Зояның қызы болып өстім. Зоя әжем әңгімесін төрде ілулі

тұрған енесінің суретіне қарап қойып, абайлап айтатын. Артық кетіп бара жатса: «Қой, әжем қарап тұр...» – деп тыйыла қалатын. Енесін ерінің ыңғайымен әже деген ғой. Сондай тәрбиені көріп өскен мен баланы ата-енеме беруді қалыпты жағдай ретінде қабылдадым. Жалпы Димаш қана емес, одан кейінгі Раушан мен Әбілмансұр да ата-әжесінің бауырында өсті.

– **Ия, сол Димаштың соңынан ерген бауырлары жайлы айтсаңыз?**

– Димаштан кейін Раушан атты қызымыз Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды, Әбілмансұр деген кенжеміз бар. Екеуі де ән салып, домбыра тартады. Димашты «көке» дейді. Әбілмансұр көкесінің ізін басып келе жатыр.

– **Димаштың небәрі 22 жасында біраз жетістіктерге жетуіне анасы себепкер дейді. Талапшыл, қатал болғаныңыз ба?**

– Кішкентай кезінде талап қойдық, қарадық, қадағаладық. Колледжде оқығанда мұғалімдерінен сабақ үлгерімін сұрап отыратынмын. Тым қатал болған жоқпын, бірақ балаларды бос жүргізбедім.

– **Димаштың төлқұжат бойынша есімі «Дінмұхаммед» емес пе? Димаш өмірге келмей тұрып аян берілген дейді?**

– Ол рас. Бала дүниеге келер алдында атамның досының әжесі түсінде «мынау ұл бала, атын «Мұхаммед» деп қойыңдар деп аян берілгенін айтады. Өзі 90-нан асқан кейуана. Сөзін жерге тастамасақ та, әкесі «Мұхаммед» пайғамбар аты, салмағы ауыр, ертең достары «Муха» деп айтуы мүмкін, алдына «Дін» сөзін қосайық. Дінмұхаммедтей ұлы тұлға болсын, әрі «Димаш» деп айтуға ыңғайлы», – деді. Бәріміз бұл шешімге қуанып, мәре-сәре болғанбыз.

– **2000 жылдардан бергі уақытта «Қанат және Света Айтбаевтар» деген дуэт халықтың көзайымына айналды. Қазір неге көрінбей кеттіңіздер?**

– Қазақ сахнасындағы алғашқы дуэттердің бірі болдық. Алматыға жиі шақыратын. «Тамаша» ойын-сауық отауының төрінде біраз өнер көрсеттік. Барлық концертте бізді «Ақтөбеден келген» деп арнайы хабарлайтын. Танылдық, еңбегіміз еленді. Сонда да түп-тамырымыздан ажырамадық. Бұл жерде де өнерді бағалайтын халық бар, өнерді дамытуға болатын орта бар деп Ақтөбеде қалуды ұйғардық. Алдымен елге қызмет етейік деп шештік. Содан бері өзім облыстық филармонияда 20 жылға жуық қызмет етіп келемін.

– **Ұлығыз Қазақстанның атын әлемге айшықтады. Жалпы, Димаш өнерге қалай келді?**



- Димаш, құдайға шүкір, елдің баласы. Халқымыздың атын шығаратын ұл өсіргенге қуанамыз. Димаш музыка мектебінде оқыды. 9-сыныптан соң Ақтөбедегі А.Жұбанов атындағы музыка колледжіне академиялық-вокал класына оқуға түсті. Бірнеше байқауларға қатысты. Халықаралық байқаулардан 3 бас жүлде, «Шығыс базарынан» бірінші орын алды. Димаш музыкаға берілген. Себебі, оның күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты мәселелерге еш басы ауырмайды. Оның бар ойы – музыка, дыбыстың қалай шығатыны, орындалатыны, өзінің әлемі бар. Қазір эстрада-вокалда оқиды. Қазақстанда эстрада жанры кенжелеу дамуда. Арнаулы оқу орындарында эстрадалық бағытта тәрбиелейтін бөлімдер жоқ. Сондықтан, Димаш сияқты балалардың көп оқып, білімдерін жетілдіруі біздің ел үшін маңызды.

- **Әңгімеіздің төркіні балалар жайлы болып кетті, айтыңызшы, осы Қанат аға не сыйлайды мерекеде?**

- Гүл сыйлайды. Сосын «Ең үлкен «сыйлық» – менмін...», – деп өзін жарты сағат мақтайды (күледі).

- **Қанат ағамыздың әке ретінде қай қасиетін ерекше атайсыз?**

- Өте балажан. Жалпы, азамат ретінде ұлтжанды, еліміздің патриоты. Ең алдымен елдің абыройын ойлайды. Ұлттық намысты бәрінен биік қояды. Осы қасиеті ұнайды.

- **Өзіңіздің балалық шағыңызға оралайықшы. Ата-анаңыз қандай кісілер еді? Сіз қандай бала болдыңыз?**

- Темір ауданы Қопа ауылында (бұрынғы «Кеңес туы») туып, өстім. Әкем Ермек Төлемісов ҚазПИ-дің көркемсурет факультетін бітірген талантты суретші болатын. Оқу бітірген соң, жолдамамен ауылға келген жас жігітті партия ішкі істер органына жұмысқа жіберді.

Зейнет жасына дейін сонда қызмет етіп, кейін ұстаз болды. Анам Бибігүл көп жыл ауыл шаруашылығының есеп-қисап бөлімінде жұмыс атқарды. Өзім әулеттің тұңғыш немересі болдым. Атам Жетеш Төлемісов сол ауылдың мектеп директоры болған, ұстаздық қызмет атқарған кісі. Әжем Зоя екеуі мені бауырларына басып, Димаш сияқты сол кісілерді «папа, мама», ал әке-шешемді «аға, апа» деп атап кеткенмін. Өте ерке болдым. Еркелігімде тіпті шек жоқ. Қатты еркелегенім сонша, мектепке дейін атам сөмкемді ұстап, мектептен қайтарда сөмкемді көтеріп алып келеді. Әлдеқалай өзім баратын болсам, қолы қажалып қалады деп, портфельдің ұстайтын тұтқасын әдемі мақпалмен қаптап беретін. Тіпті мектептің асханасына қарны ашып қалады деп, бір айға ақша төлеп қойғаны есімде. Асханада кезек күту деген жоқ. Атам ауылдың қадірлісі, мен оның бетіне қарап отырған немересі болған соң ба, бәрі алақандарына салып еркелетті. Әке-шешем жұмысбасты болғанмен, өнерлі де еді. Көбісі алты ішекті гитара тартса, әкем жеті ішекті гитараны теріп тұрып тартатын. Баян да ойнады, домбыра да тартты. Бала кезде баян тартып үйренуіме осы әкемнің ықпалы көп болды. Жиын-тойда ата-анам бір-біріне қарап отырып, ән айтатын. Өкінішке қарай әкем өмірден өтіп кетті.

- **Отбасында неше ағайындысыздар?**

- Менен кейін Гүлайым деген сіңілім бар. Астана қаласында тұрады. Ұстаз. Одан кейін Айдын деген інім бар. Келінім Бағдат екеуі нағыз қазақы отбасының үлгісін көрсетіп отырған жандар. Өзім ерекше жақсы көрген тағы бір інім болған, 25 жасында дүниеден өтіп кетті. Жанымның жарасы болып қалса да, артында ізі бар. Соған да шүкір дейміз. Қызы өте ақылды, есті болып өсіп келеді.

Портфельін атасына ұстатып қоятын ерке қыз бой жетті, оқуға түсті, Қанат ағамен танысты дегендей...



Ауылдағы мектепті бітірген соң, Ақтөбе педагогикалық колледжіне оқуға түстім. Одан кейін Қ.Жұбанов атындағы университетте оқыдым. Қанат екеуіміз сол кезде таныстық. Амангелді Сәндібаев деген композитор ағамыз басқарған «Жібек жолы» деген топ болған. Қанат сол топта ән айтатын, кейін ол топқа мен қосылдым. Екеуіміз бірге сахнада ән айттық. Бірінші курстан кейін шаңырақ көтердік. Одан кейін Димаш дүниеге келді. Димаш туылғанда қатты қуанғанымыз сонша, әлде бала болдық па, перзентханадан шыққанда баланы қалай ұстауды білмейміз. Басын былқсылқ еткізіп, тікесінен ұстап отырыппыз. Қызық көріп, бетіне күле бергенбіз ғой. Содан оқуын алаңдамай бітіріп алсын деп, атасы мен әжесі немерелерін қастарына алды. Бір үйде тұрсақ та, қырқынан шыққан бойда бөлмелеріне алып кетті.

- Тегіңізді ауыстырамын деп өзіңіз шештіңіз бе? Өз тегіңіз қандай еді?

- Төлемісова. Балалық қой, тұрмысқа шыққан кезімде өз тегімде қалмақ болдым. Ата-енем де қарсылық білдірген жоқ. АХАЖ-да неке кию рәсімінде осылай дегенімде, өз әжем қатты ашуланып: «Қыз бала барған жеріне тастай батып, судай сіңуі керек. Күйеуіңнің тегіне өт...», – деп айқай салды. АХАЖ қызметкері дағдарып: «Қарсы емессіз бе?», – деп маған бұрылғанда, әжем «Қарсы емес...», – деп бір-ақ кесті. Осылайша, Айтбаева болып шыға келдім.

- Сізге әншілік кімнен дарыған?

- Әкем Ермек бірнеше аспапта, гитара, баян, домбыра т.б. бейнелей айтқанда, құлағында ойнайтын. Музыкалық қабілеті жоғары болғанымен, ішкі істер саласын таңдаған. Негізгі мамандығы суретші, қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-ды бітірген. Институттан соң

бірден милицияға кіріп, сонда қызмет етті. Бертінде заң колледжінде ұстаз болды. Анам Бибігүл ауыл шаруашылығы саласының маманы. Әкем мен анам бірі сүйемелдеп, бірі ән айтатын. Оларға ата-енем қосылғанда кәдімгідей квартет шығатын.

- Менің түсінгенім бойынша, отбасы Сіз үшін бірінші орында ғой?

- Әрине, отбасы қашан да бірінші орында. Мүмкіндіктер болды, бірақ ағайын-туыстың ортасында жүрейік деп шештік. Оған еш өкінбейміз. Өзіміз өнерге бәлендей үлес қоса алмаған шығармыз, бірақ Димаш арқылы соған үлкен салмақ беріп отырмыз деп ойлаймын. Кезінде бала-шағаны ата-енемізге қалдырып, не бәрін Алматыға жетелеп алып кеткенде, дайын тұрған үй жоқ, сананы тұрмыс билеп, балаға көңіл бөлінбей, бойындағы дарыны ашылмай қалуы мүмкін еді. Қайта жылы орыннан қозғалмай, баланың тыныштығын бұзбай, дұрыс жолға бағыттап, Димаштың осындай жетістіктерге жетуіне ықпал еттік деп ойлаймын.

- Өзіңіз сияқты бала-шаға тәрбиелеп, бір әулеттің отын түтетіп отырған келіндерге қандай кеңес айтасыз, олар нені ескеруі қажет?

- Айтатын кеңес біреу – оттың басындағы, ошақтың қасындағы әңгімені сыртқа шығармау. Сол кезде ешқандай қиындық болмайды. Келін боп түскен жерінің жақсысын асырып, жаманын жасырып, артық ауыз әңгімесін төркініне тасымағаны дұрыс. Бізде ондай нәрсе болып көрген жоқ. Бұйырса, болашақ келіндерімнен де соны күтемін.

- Әңгімеңізге рахмет!



«Үлгілі отбасы – қоғам негізі»

Ұрпағымен көктеп-көгеріп отырған Ишанқұловтар осынау аймақтық сыннан сүрінбей өтіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Тылда талмай еңбектене жүріп мал шаруашылығында 36 жыл тер төккен отағасы Ерғали Ишанқұл 81 жаста болса, отанасы Бахира Камардинқызы – 80 жастағы зейнеткер. Ерінің бір жағында тұрмыс тауқыметін бөлісе жүріп 14 баланы өмірге әкеліп, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегері бола білді. Үлгілі отбасы иелері 62 жылдан бері татулық уызына ұйып, өнегелі өмір сүріп келеді. Бүгінде, осынау мәуелі бәйтеректің саясында 52 немере, 25 шөбере және 1 шөпшек бар. Ерғали Ишанқұлов ұзақ уақыт агро-өнеркәсіп саласында қызмет еткен, балаларының көбі де осы да салада жұмыс жасап жүр. Ишанқұловтар әулетінің балалары атакәсіпті жалғастырып, мал шаруашылығымен айналысып келеді. Отбасының ұстанымы: «Үлгілі отбасы – қоғам негізі». Дипломант атанған отбасыға микроавтобустың кілті табыс етілді.

Отағасы – тыл ардагері, соғыс жылдарында бала кезінен өз ауылында күні-түні еңбек еткен, соғыстан кейінгі жылдары білім алып, еңбек жолын 1956 жылы Коммунизм колхозында көлік жүргізушісі болып бастаған. 1972-1990 жылдар аралығында Жиделіарық бөлімшесінде ферма меңгерушісі қызметін атқарған. Бүгінде Ерғали ата белсенді өмір сүруде. Ишанқұловтар әулетінің балалары мал шаруашылығы саласында өз бизнестерін ашып, әке ісін жалғастыруда. Үлкен қызы Айғаным жолдасы Сағынтаймен бірге жеке кәсіп ашып, азық-түлік сатумен айналысып отыр. Екінші ұлы Шазатхан Ауыл шаруашылығы саласында жұмыс атқарады, жұбайы Сәуле – үй шаруасында. Одан кейінгі Бақытхан күріш егумен айналысады, жұбайы Мінай – үй шаруасында. Патыма үй шаруасымен айналысса, ал жолдасы Керделі ауылдық округі «Халықберді» шаруа қожалығының директоры күріш және мал шаруашылығын қоса жүргізіп, бірнеше отбасын жұмыспен қамтып отыр. Сапура атты қызы Сұлутөбе ауылдық округінде



№40 мектепте бастауыш пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасайды, жолдасы Кенжебек – жүргізуші. Гигант ауылдық округінде №148 мектепте Айымхан тарих пәнінің мұғалімі қызметін атқарады, жолдасы Қойшыбай егін шаруашылығымен айналысады. Ұлы Әлімхан мал шаруашылығында меңгерушілік қызметін атқарса, жұбайы Динара – Еңбекші ауылдық округінде №159 мектепте бастауыш пәнінің мұғалімі. Гүлмира болса жолдасы Дүйсенмен бірге жеке кәсіппен айналысады. Тоғызыншы ұлы Әділхан су шаруашылығында қызмет атқарады, жұбайы Алма – үй шаруасында. Қойшыбек – жүргізуші, жұбайы Айнаш «Сымбат» балабақшасының бас аспазшысы болып жұмыс жасайды. Уәлихан мал шаруашылығымен айналысады, жұбайы Мақпал – үй шаруасында. Тойшыбек – күрішші, жұбайы Мейрамкүл – үй шаруасында. Болатбек жұбайы Ғалиямен өздерінің жеке тіс емханасын ашып, бірге жеке кәсіппен айналысып келеді. Ал, кенже қыздары Гаухартас Гигант ауылдық округінде №148 мектепте

бастауыш сынып мұғалімі, жұбайы Бақытжан медицина саласында қызмет атқарады.

Немерелері де жоғары оқу орындарын тәмамдап, өз мамандықтары бойынша қызмет атқаруда. Шыңғысхан Шазатханұлы құрылыс саласы бойынша білім алып, сол салада қызметін жалғастырып жатыр. Ұлдана Шазатханқызы – білікті мұғалім. Нұрлыбек – Шиелі аудандық кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы КММ ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас маманы. Аяна Шиелі аудандық ветеринариялық зертханада жұмыс жасайды. Бибінұр – Астана қаласында бастауыш пәнінің мұғалімі. Досбол – жеке кәсіпкер, Алматы қаласында өзінің жеке құрылыс дүкені бар

Осындай елге үлгі болатын отбасына амандық тілей отырып, елімізде мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған отбасылар қатары күн санап арта түссе екен дейміз!



О восхищении и любви...

Второй год в стране проводится национальное голосование на звание героя нашего времени. Первый этап проекта показал, как много среди нас людей с добрым сердцем, ярким талантом и уникальными личными качествами. В рядах победителей «100 новых лиц Казахстана» по версии 2017 года - неоднократная чемпионка по тогыз-кумалаку Асель Далиева.

Игра тогыз-кумалак вошла в жизнь Асель, когда ей исполнилось всего лишь 4 года. Мама - это первый человек, показавший маленькой девочке правила и основы игры. Конечно, в те дни никто и подумать не мог, что знакомство с игрой станет для Асель по-настоящему судьбоносным.

Надо сказать, что интеллектуальная игра очень увлекла девочку. С 9 лет она начала проводить ежедневные тренировки по тогыз-кумалаку. Упорство и любовь к игре сделали свое дело, и уже к 12 годам девушка получила звание мастера спорта, а в 16 лет заслуженно стала самым молодым спортсменом, выполнившим международные нормативы.

Дальше Асель окончила государственный университет имени Коркыт ата по специальности «Физическая культура и спорт», получила степень магистра в Академии транспорта и коммуникаций. И все это время Асель не оставляла профессиональный спорт и продолжала приносить золотые медали в копилку страны.

За всеми победами Далиевой, по ее словам, стоит первый тренер и главный болельщик Еркетай Имамбаев. В одном из интервью Асель отметила, что именно он заложил для нее фундамент игры тогыз-кумалак. Заслуги тренера бесспорны, еще до 20 лет молодая спортсменка, благодаря наставнику, стала шестикратным чемпионом и триумфально продолжила путь победителя. Кстати, одну из последних золотых медалей Асель получила на Третьих всемирных играх кочевников в личном зачете.

Но не только награды за состязания находят нашу спортсменку. В 2013 году Асель была удостоена чести зажечь огонь Азиатских игр. Она награждена медалью к 20-летию Независимости Казахстана и медалью к 60-летию управления спорта Кызылординской области, также в списке наград знак «За выдающийся вклад в развитие физической культуры, спорта и туризма» Межпарламентского совета СНГ.

Что примечательно, об игре Далиева всегда говорит с восхищением и любовью, словно не играет, а живет тогыз-кумалаком. Она мечтает не только продолжить спортивную карьеру, но и внести вклад в развитие национальной игры, воспитать достойную смену. Быть может, именно такой подход рождает в душе спортсмена дух чемпиона?

Рассматривая профессиональный путь молодой спортсменки, понимаешь, что именно такие патриоты, феноменальные личности должны побеждать в проекте «100 новых лиц Казахстана». Их истории заслуживают того, чтобы быть услышанными на всю страну. «Наверное, мы в этом проекте выступили, как пример для казахстанцев, ведь многие из нас вышли из ниоткуда и доказали, что можно достичь успехов, если трудиться, работать и не опускать руки. Я в это верила всегда...», - поделилась своим мнением Асель после результатов национального голосования.

Сегодня титулованная спортсменка занимается подготовкой новых победителей и звезд интеллектуальной игры. Уверены, характер и профессионализм помогут Асель и в этом деле стать чемпионкой.

Справка: «Тогыз-кумалак (9 камешков) - казахская народная настольная игра. В основе лежит число 9, считавшееся у древних монголов и тюрков священным. В ученом мире ее называли «алгеброй чабанов», так как в ходе игры соперникам приходится использовать все четыре основных математических действия. Игра строится не только на скорости подсчета, но и на тактике.

Салтанат Дарменшиева

Ерлан БАҚТЫГЕРЕЙ:

«Егер адам талантты болса, барлық жағынан талантты»

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген маңызды жобалардың бірі – «Қазақстанның 100 жаңа есімі».

«100 жаңа есім» жобасының мақсаты – табысты, бәсекеге қабілетті болу, прагматизм мен білім култы идеяларын Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан адамдардың тарихын үлгі ете отырып насихаттау.

Бұл жобаға қатысқан үміткерлер – өзінің қызмет саласында елдің жағымды имиджін қалыптастыруға үлесін қосқан, көпшілікке өзінің ісімен үлгі болған жандар. Солардың бірімен сұхбаттасудың жақсы бір реті келіп еді. Бұл мүмкіндікті біздің редакция да жібермеуге тырысты. Сонымен, таныс болыңыздар, бүгінгі кейіпкеріміз – дирижер, кәсіпкер, көп балалы әке Ерлан Бақтыгерей.

– **Ерлан Әбдінабиұлы, «Қазақстанның 100 жаңа есімінің» қатарына кіргеніңізге бақытты шығарсыз? Қуанышыңызға ортақпыз!**

– Бақыттымын, рахмет!

– **«100 жаңа есім» жобасына қатысу сіз үшін қаншалықты маңызды болды? Сізді бұл жобаға кім ұсынды?**

– Маңызы өте зор дер едім. Себебі мен өз тәжірибемді болашақ музыканттарға, дирижерларға жеткізгім келеді. Ең басты нәрсе – танымал болу емес, халыққа қызмет ету. Мені бұл жобаға ұсынған халықаралық «Болашақ» бағдарламасына алғысым шексіз.

– **Іріктеуден өтіп, жеңімпаз атанған соң, сіздің өміріңізде не өзгерді?**

– Менің өмірім қатты өзгерді деп айта алмаймын. Бәрі сол қалпы сияқты. Тек өзімнің туған жерім Жамбыл облысына концерттермен барып, сол жерге жұмысқа шақыруы болмаса. Шығармашылық концерттерімді туған жерімде бердім.

– **Дирижерлікті атақ пен ақша әкелетін кәсіп деу қиын. Дегенмен, сіз осы жолды таңдапсыз. Неліктен?**

– Бұл күрделі жолды таңдауыма ұстаздарым себепкер болды. Олардың арасында әйгілі Нұрғиса Тлендиевтен бастап, Фуат Мансуров, Шамғол Қажғалиев, Нұрлан Жарасов сияқты есімдері елеулі музыканттар бар. Дирижерлік жол – өте қиын жол, себебі кейде жасаған еңбегің бағаланбай жатады. Мысалы, концертке неше күн, неше ай дайындалғаныңмен, бәрі бір сәтте өтіп кетеді. Оркестр жақсы ойнаса, «оркестр керемет» дейді, ал жаман ойнаса, дирижер кінәлі болады.

– **Өнер жолында біраз тәжірибе жинаған музыкантсыз. Еңбегіңіздің жемісін көрдіңіз бе?**


– Әрине, әлі де көріп келемін, себебі мен жасаған күйлер мен әндерді бүкіл Қазақстанның оркестрлері ойнап жүр.

– **Жеке кәсібіңіз де бар екен. Сіз бұл салаға түбегейлі кеттіңіз бе? Әлде шығармашылық жұмыспен қатар алып жүрсіз бе?**

– Жеке кәсіпке кетуіме бірнеше себептер болды. Қазақта «аяқтан шалу» деген жаман әдет бар. Бір кездері өнерден кетуіме тура келді. Оған қоса денсаулығым сыр бере бастады. Бірақ соның бәріне қарамастан, қиыншылықты жеңе алдым. Сол қиын кездері мені қолдап, жанымнан табыла білген жұбайым мен балаларыма мың алғыс. Шығармашылықты біржолата тастаған жоқпын. Жақында Астананың 20 жылдығына орай 2000 адамдық Симфониялық оркестріне Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Құрманғазы бабамыздың «Сары арқа» күйін түсіріп бердім. Өте тамаша шықты. Сондықтан, әлі де сахнаға оралып, тыңдармандарымды талай қуантамын деп сенемін.

– **Көпбалалы шаңырақтың отағасы болып отырсыз. Енді өзіңіздің отбасыңызға тоқталсақ.**

– Өмірлік серігім Меруеш Башайқызы – әнші, Қазақстан Республикасы мен Моңғолияның мәдениет қайраткері. Екеуміз бірге Алланың берген 7 ботақанын өсіріп жатқан жайымыз бар. Үлкен екі балам менің жолымды қуып, биыл Құрманғазы атындағы Алматы



мемлекеттік консерваториясына «виолончель аспабы» бөліміне түсті. Қызым Қарағанды қаласының Құрылыс техникалық колледжінің 2 курсына дизайнер мамандығы бойынша оқиды. Тағы бір ұлым Астананың Жамбыл Жабаев атындағы мектеп-лицейінде оқиды. Бір балам Қарағанды қаласының кадет мектебінде оқып жатыр, ал қалған екеуі балабақшада.

– *Сіз үшін «Бақытты отбасы формуласы» қандай болуға тиіс?*

– Жұбайлар өзара сыйластықта болып, балаларды тек мейірім мен махаббатқа бөлеп өсіру керек деп санаймын.

Біздің ақпарат: Ерлан Бақтыгерей – Ш.Қажығалиев атындағы I Республикалық дирижерлар конкурсының лауреаты. Астана қаласындағы Академиялық филармония симфониялық оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі (2013 – 2015жж). Дирижер Нұрғиса Тілендиевтің «Алтын тау» және Еркеғали Рахмадиевтің «Алпамыс» операларын сахналады. Ол – Түркі әлемі композиторларына арналған «Түріксоy» концертін ұйымдастырушылардың бірі. Ерлан Бақтыгерей қазақтың халық әндері мен күйлерін, классикалық шығармаларды халық аспаптары оркестріне бейімдеп жазды.

P.S. Ерлан Бақтыгерейдің өмірлік ұстанымы: «Егер адам талантты болса, барлық жағынан талантты». Расымен де дарыны, білімі, қабілеті бар адамдар бірнеше саланы қатар меңгеріп жатады. Сынаптай сырғыған заманда адам үшін тұрақты ешнәрсе жоқ. Бүгін ісің өрге домаласа, ертең бастан бақ кетер. Бүгін салың суға кетіп отырғанымен, ертең-ақ бақ жұлдызың жарқырар. Ол тек уақыттың еншісіндегі дүние. Ал қандай бөгетке жолықса да соны бұзып, жігерін жеңдірмеу – ол тек жігіттікті көрсететін, әр адамда бола бермейтін қабілет. Бәлкім, сондай адамдар жаңа заманның жаңа қаһармандары болар. Оны, әрине, тарих таразылайды. Ал әзірге олар Қазақстанның «100 жаңа есімінің» бірі болуға әбден лайық екенін ісімен көрсетуде.

Сымбат Талғатқызы

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылып жатыр. 2017 жылы жобаны жүзеге асыру мақсатында коммерциялық емес ұйым «Ұлттық аударма бюросы» құрылды. Бюроның редакциялық алқасына ғалымдар мен қоғам қайраткерлері кіреді. Ал аудармашылар тобы еліміздің ең мықты мамандарынан құрылған.

Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, инновация ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беру үшін алдағы бірнеше жылда әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару жоспарланған. Маңызды жоба аясында оқулықтардың аудармасына тікелей қатысқан мамандарды сөзге тартқан едік. Солардың бірі - журналист, көркемсөзші, филология ғылымдарының кандидаты Есенгүл Кәпқызы.



- Есенгүл Кәпқызы, осы оқулықтарды аударуға қанша уақыт кетті?

- Ол кітаптың көлеміне, тілінің күрделілігіне байланысты болды. Мәселен, өзім тікелей аудармасына қатысып, жауапты редакторы болған С. Тер-Минасованың «Язык и межкультурная коммуникация» кітабының аудармасын маусым айында бастап, қазан айына дейін жасадық.

Шамамыз келгенше, «Ұлттық аударма» бюросы белгілеген графиктен қалмауға тырыстық. Екінші кітап – «Медиа этиканың» редакторлық жұмыстарына да шамамен 3 айдай уақытымызды жұмсадық.

- Көбінесе қай тілдерден аудардыңыздар?

- Былтыр аударылған 18 кітаптың ішінде орыс тілінде бір ғана кітап болды. Бізге сол орыс тіліндегі кітапты аудару бұйырған екен. «Медиа этика» ағылшын тілінде болды.

- Термин сөздерді аудару мәселесі қалай шешілді?

- Әрине, аударма барысында бізді қинағаны да, тығырыққа тірегені де термин мәселесі болды. Тіпті Терминком қабылдаған, бірақ жалпы халықтық қолдауға ие болмаған терминдердің өзін аса сақтықпен пайдалануға тура келді. Мәселен, «носители языка» деген тіркестегі «носитель» деген сөз терминкомның бекітуімен «иелмен» деп қабылданып кетіпті. Бірақ біз оны қабылдамадық. Сол секілді терминдердің бір ізге түспеуі – әркімнің өз нұсқасын ұсынуы, ол нұсқалардың жалпыхалықтық түсінуіне қиын болуы – біраз тер төгуге тура келді. Сол себепті терминдерді біріздендіруде істейтін жұмыстар көп екеніне көзіміз жете түсті. Осы ретте айта кететін бір мәселе – қазақ тіліндегі электронды сөздіктерді көбірек жасау қажеттігі. Әрине, біз олардың жасалғанынан, интернетке орналастырғанынан хабардармыз. Бірақ, аударма барысында ол сөздіктерді интернеттен таппадық. Бәлкім, қолжетімді ресурстарға орналастырып, іздеу жүйесінде табылуын оңайлату қажет шығар. Сондай-ақ, үш тілді фразеологиялық сөздіктер мен мақал-мәтелдердің түсіндірме және балама сөздіктерін жасау керек. Өйткені, мақал-мәтелдерді сөзбе-сөз аудару мүмкін емес қой. Ал тілдің жілігін шағып, майын ішкендер олардың бір-бірімен мағыналастарын тауып, түсіндірмесін қоса жасаса, аудармашылардың жұмысы біраз жеңілдер еді.

- Бұл оқулықтар бұған дейінгі аударылған оқулықтардан несімен ерекшеленді?

- Біріншіден, оқулықтардың барлығы – түпнұсқадан, жазылған тілінен аударылды. Бұған дейін аудармалардың басым көпшілігі – орыс тілі арқылы жасалатын. Құдайға шүкір, бізде өзге тілдерден қазақ тіліне тікелей аударатын, аударма алатын мамандар тобы қалыптасқан екен. Екіншіден, бұл оқулықтардың халықаралық дәрежеде жоғары сұранысқа ие болуына көбірек маңыз берілді. Яғни, ол оқулық өзі жазылған

тілінде бірнеше рет басылған болуы керек. Үшіншіден, қазақ тілінде дәл осындай көлемде гуманитарлық саланың оқулықтары бұрын-соңды аударылмаған екен. Төртіншіден, бұл қазақ тіліндегі ғылымның дамуына өз септігін қосатын болады.

- **Оқулықтар неше дана болып шықты? Сұраныс қандай?**

- Оқулықтардың әрқайсысы 10 мың данадан басылып, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі кітапханалар мен оқу орындарына тегін таратылып берді. Сатылымға шығарылған жоқ. Электронды нұсқасымен де танысуға мүмкіндік бар. «Қайдан алуға болады?», «Қаншадан сатылады?» деген сауалдармен хабарласқандар өте көп болды. Бірақ, өкінішке қарай, кітаптар сатылмайды.

Бүгінгі күні АҚШ, Ресей, Ұлыбритания және Швейцарияның ең үздік деген алғашқы 18 еңбегі аударылып, жоғары оқу орындары мен кітапханаларға таратылды. Бұл оқулықтардың алғашқы легі А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне жетті. Оқулықтарды оқу жүйесінде қолданып жатқан мамандардың бірі өз пікірін білдірген болатын:



Амангелді Шүрентаев, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, ЕҰУ докторанты:

- Қазіргі таңда оқулықтар университеттің білім беру үдерісіне енгізіліп, оқытушылар мен студенттер сабақ барысында пайдалана бастады. Мәселен, журналистика мамандығы бойынша білім алушылар Ли Энн Пек және Гай

С.Рилдің «Медиа этика» оқулығын «Медиаменеджмент», «Журналистиканың құқықтық негіздері» пәндері бойынша, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры С.Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» еңбегін «Бұқаралық коммуникация және халықаралық қатынастар» пәнін оқыту бағдарламасына енгізілді. Елбасымыз айтып өткендей, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жастардың болашағы үшін іске асырылып жатыр, сондықтан бұл оқулықтар студенттер мен жас мамандардың білімі мен біліктілігін жетілдіруге, жалпы қазақ ғылымы дамуына жаңа серпіліс беретініне сенімдімін.



Ұлттық аударма бюросының редакциялық алқасының құрамында филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Шерубай Құрманбайұлы да бар. Ғалымның аудармаға қатысты ойымен бөлісуді сұраған едік.

Оқулықтардың басым көпшілігі ағылшын тілінен аударылды. Мәселен, былтырғы жылы жарық

көрген 18 оқулықтың біреуі француз, біреуі орыс тілінен аударылса, қалған 16-сы ағылшын тіліне аударылды. Биылғы аударылған 30 кітаптың 29-ы ағылшын тілінен аударылып отыр. Аударманың өзі оңай жұмыс емес. Оны аударманың қыр-сырын терең түсінетін практик аудармашылар көбірек түсінеді. Ал аударма уақытпен шектелсе, асықпай ойланып-толғануға, аударма мәтінді әбден бабына келтіруге мүмкіндік көп қала бермейді. Аудармашы бір кітапты бірнеше рет оқып, асықпай бойына сіңіріп, ойын әбден қорытып алып, содан кейін асықпай аударуға кіріссе, аударма мәтіннің сапасы да жоғары болады. Бір кітапты екі-үш айда да аударуға болады, бірнеше жылда да аударуға болады. Аудармашы өзі аударған мәтінді араға уақыт салып, қайта-қайта қарап тағы жетілдіре түсуіне де болады. Аудармашыға кесімді уақыт беріліп, кесте бойынша жұмыс істегенде уақытқа бағыныштық пайда болады. Бұл жалпы аударма процесінде үнемі кездесіп отыратын жағдай.

Сондай-ақ бір мәтінді аудармашыдан кейін бірнеше редактор қарайды. Олардың стилі бірдей емес, терминжасамға, терминдердің қолданысына деген көзқарасы мен ұстанымдары да бірдей болмауы мүмкін. Тіпті кейбір сөздердің емлесіне қатысты да түрлі пікірлер болды. Сондықтан мұндай шығармашылық процесте бірнеше маманның ортақ пікірге келуі де өте маңызды.

Шет тілімен қатар қазақ тілін жетік меңгерген мамандар да бар. Сонымен қатар қазақ тіліндегі мәтін сапасы жақсара түсу үшін олардың үстінен әбден қаламы төселген, тәжірибелі филолог, журналист мамандар қарайды. Аудармашы мәтіні ғылыми, әдеби редакторлар қолынан өтеді.

Сымбат Талғатқызы

«Smart City»: бүгінгі күннің шындығы немесе болашақтың көрінісі

Бүгінде әлеуметтік даму биігіне ұмтылған өркениетті елдерде «ақылды» қалалар қалыптастыру дәстүрі әлемдік трендке айналған. Бұл үрдісті ұстанған мемлекеттердің басты мақсаты – шаһардағы тұрмыстық қызмет көрсету сапасын арттыру арқылы тұрғындардың өмір сүру дәрежесін жоғары деңгейге көтеру. «Ақылды» қалалар қатарына экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ахуалы тұрақты, қызмет көрсету инфрақұрылымы дамыған қалалар жатады. БҰҰ-ның статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, 2030 жылға қарай Жер шары тұрғындарының 80 пайызы ірі қалаларда тұрмақ. Әлем бойынша апта сайын 1 млн-ға жуық адам ауыл-аймақтардан қалаға көшеді. Себебі, жыл өткен сайын жаңа технологиялар дамып, адамдардың қажеттілігі де артып келеді. Ал кез келген саланың технологияға өтуі сіз бен біздің өмірімізді жеңілдетіп, уақытымызды үнемдеуге септігін тигізетіні белгілі. Байқасаңыз, қазір айналамыздың барлығы «смартқа» айналды. «Смарт сити», «Смарт үй» және т.б. Ең алдымен озық елдер қатарында «ақылды» қалаға айналған шаһарларға тоқталсақ. Жалпы, «Smart City» жобасы дамыған мемлекеттерде ХХ ғасырдың аяғында-ақ қолға алынып, халыққа қолайлы қалалар пайда болған.

Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, әлемде 2 500 қала «ақылды» мәртебесіне ие. Алайда «Easy: Park» ІТ швед компаниясының зерттеуінше, 500 қала ғана «Смарт сити» атағына сай болған. Ол тізімде Дания астанасы Копенгаген көш бастап тұр. Яғни, Копенгаген Жер шарындағы ең «ақылды» қала атанған. Дания астанасы 2025 жылға дейін экологияға


зиянды зат шығармайтын шаһарға айналуы көздейді. Бүгінде мұнда зияткерлік көлік жүйесі, автокөліктерді ауыстыру қызметі (каршеринг) қарқынды дамып келеді.

Сингапур де «ақылды» қала бағдарламасын игілігіне айналдыра білді. Жаңа технологиялардың мүмкіндігін тиімді пайдаланып, көлік кептелісін реттеудің амалын тапқан қала. «Ақылды» жолды ғана емес, «ақылды» сауда электронды жүйесін де дамытты. Ақпараттық технология – адам өмірін де құтқарып қалуға қауқарлы. Мәселен, сингапурлық ғалымдар үйде жалғыз қалған қарт кісілердің қозғалысын бақылайтын арнайы датчиктерді де ойлап тапқан. Егер жүйе адамның құлап қалғанын байқаса, ауруханалар мен туысқандарына хабар береді.

Жаңартылған ресурстарды өңдеуде көшбасшы мемлекет Швеция елінің астанасы Стокгольмде жылу жүйесін тиімді пайдаланумен қатар, қоғамдық көлік желісі жақсы дамыған. Қала тұрғындары оптикалық интернетпен қамтылғандықтан, қоғамдық көлік қатынасы бірыңғай ақпараттық жүйеге біріккен.

Ал роботтарды өндірістік жұмыстарға тартып, экономикасын дамытқан Токио – барлық саланы сандық жүйеге айналдырған қала. Біз "көкжәшіктен" ғана көретін көліктер, яғни адамның басқаруынсыз жүретін темір тұлпарды Сан-Францискода кездестіруге болады. Алдағы жылда бұл шаһарда жанар-жағармаймен жүретін көлік болмайды.

1,6 млн тұрғыны бар Қытайдың Нинся-Хуэйна автономды ауданының әкімшілік орталығы Иньчуань қаласының тұрғындары банк картасы, жол жүру



билеті, қолма-қол ақшаны қажет етпейді. Себебі бұл қызметтердің орнына адамның беті қолданылады. Яғни кез-келген қызмет ақысын төлеу үшін жүйеге бет-бейненді көрсету арқылы қажетті сома бет иесінің шотынан автоматты түрде алынады. Қысқасы, жасыл экономика, электрокарталар, стереокамералар ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект дамыған заманда сандық жүйе арқылы басқарылады.


Былтырдан бастап Қазақстанда «Smart City» тұжырымдамасы мықтап қолға алынды. Оның негізгі мақсаты – жайлылық, қауіпсіздік, тиімділік және қоршаған ортаға зиянды төмендету. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «ақылды» қалаларға басымдық беріп, экономикалық дамудың локомотивіне айналдыруды ұсынды. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында еліміздің ірі 5 мегаполисін «ақылды» қалаға айналдыру көзделген. Олар: Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент пен Ақтөбе қалалары. «Smart City» жобасы ең алдымен елордамыз – Астанадан бастау алып, бүгінде бас қала жаңа технологияларды тиімді пайдалану жағынан өзге шаһарларға үлгі. Басты меже айқын – Астана алдағы уақытта әлемдегі ең ақылды 50 қаланың біріне айналуы тиіс. Іргелі жобаны іске асыруды «Astana Innovations» АҚ қолға алды. Жалпы, «Smart Astana» жобасының үлгісіне мынандай алты тұғырнамаға негізделген еуропалық «ақылды» қалаларды дамыту моделі алынған: ақылды экономика, ақылды басқару, ақылды өмір сүру деңгейі, ақылды жұмылу, ақылды адамдар және ақылды қоршаған орта. Компания басшылығы «Миллион тұрғыны бар қала – ең алдымен қауіпсіз шаһарға айналуы тиіс» деген оймен

қаланың барлық бұрышына бейнекамера орнатты. Қауіпсіздікке жаңадан құрылған «Жедел басқару орталығы» жауапты. Яғни қаланың тыныс-тіршілігі осы орталықтың дерек қорына түседі. Сонымен қатар су құбыры, электр желісі мен инженерлік жүйелер туралы ақаулар «Жедел басқару орталығында» өңделіп, тиісті мекемелерге шұғыл жөнелтіледі. Енді мекемедегі «ақылды» құрылғылар арқылы онлайн-тәртіптегі бейнесараптаманы, бейнежазбаны 30 тәулікке дейін сақтауға, жолда жүру ережесінің бұзылуын қолма-қол тіркеуге, тас жолда жүйткіп бара жатқан автокөліктің жылдамдығын автоматты түрде анықтауға болады.

«Ақылды» құрылғылар өз кезегінде адамдарға жайлылық сыйлаумен қатар, ел экономикасының қарқынды дамуына да септігін тигізуде. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың Үкімет отырысында есеп бергендегі ақпаратына сай, смарт технологияларды енгізу аясында Астана көше жарығына қызмет көрсету шығындарын 30 пайызға, энергия қорларын – 60 пайызға дейін төмендеткен. Электр энергиясының берілуі қажеттілігіне байланысты автоматты түрде реттеледі. Ал Шымкент қаласында жол-көлік оқиғаларын, фото-бейне түсіру жүйесін енгізу арқылы жол жүру ережелерін бұзу жағдайлары 17 пайызға азайған.


«Ақылды» қалалар – ақыл-ойдың жемісі екенін ескерген Елбасы әрдайым зияткер жастарға қолдау көрсетеді. Елордамызда ашылған «Astana Hub» орталығы – соның айғағы. Бірнеше ай ғана жұмысын бастаған ұйым бүгінде жүздеген жастың идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр.

Алтынай Сәлімгерей



MEDICAL

Health Care
Doctor
Hospital
Pharmacist
Nurse
Dentist
First Aid
Surgeon
Emergency



Health Care
Doctor
Hospital
Pharmacist
Nurse
Dentist
First Aid
Surgeon
Emergency



Health Care
Doctor
Hospital
Pharmacist
Nurse
Dentist
First Aid
Surgeon
Emergency



«Қағаз қолданбайтын аурухана...»

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру қажеттігін атап өтті.

Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру шеңберінде бірінші кезекте, денсаулық сақтау ұйымдарының IT-инфрақұрылымын қамтамасыз ету қажет.

Бүгінде 6 283 денсаулық сақтау объектісінің 3 050 объектісі интернетке қосылған. Медициналық ақпараттық жүйелермен 731 медициналық ұйымның 624-і қамтылған.

Қазіргі таңда денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу үлесі 87,6% құрайды. 2019 жылғы 1 қаңтарға қарай аудандық орталықтарды қоса алғанда, бұл көрсеткішті 100%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Денсаулықты қамтамасыз етудің негізгі факторы саламатты өмір салты және денсаулықты қалай нығайтуға және сақтауға, ал сырқаттану кезінде – қалай сапалы медициналық қызметтерді алуға болатындығы жөніндегі нақты және ыңғайлы ақпаратты алу мүмкіндігі болып табылады.

Электрондық денсаулық паспорты денсаулықтың экожүйесін цифрландыруда басты рөлдердің бірін атқарады. Электрондық денсаулық паспортын қалыптастырудың өмірлік циклін 4 деңгейге бөліп қарастырады:

1) талдау жүйелері, медициналық статистика, ауқымды деректер – талдау деректерін жинау, өңдеу және ұсыну процестерін қамтиды.

2) медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі мен төлем жүйесі – медициналық қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған процестерді кешенді автоматтандыруға арналған;

3) емдеуші дәрігер қойған диагноздар – медициналық көмек көрсету шеңберінде анықталған аурулар туралы ақпаратты қамтиды;

4) пациенттер туралы деректер – жеке тұлғаның демографиялық және әкімшілік деректерін қамтиды.

Халықтың медициналық көмектің сапасына қанағаттанушылық деңгейі:

2018 жылы – 44%,

2019 жылы – 49%,

2020 жылы – 55% болады деп күтілуде.

Медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу «нақты деректерді» қалыптастыру есебінен медициналық деректерді және медициналық құжаттаманы қағаз қолданбай жүргізуге көшіру үшін мүмкіндік береді. 2018 жылғы қаңтардан бастап 4 өңірде (Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстары) медициналық құжаттаманы қағаз қолданбай енгізу процесі басталды. Бұл жобаның шеңберінде қағаз нысандарынан көшіру кезең-кезеңмен жүргізіліп жатыр.

Денсаулық сақтау саласын цифрландыру процесі жаңа заңнамалық нормаларды әзірлеп, бекітуді қажет етеді.

«Бонусы» и баллы

С января 2018 года стартовал пилотный проект по внедрению новой системы оплаты труда госслужащих на основе факторно-балльной шкалы. Новшества применили в четырех госорганах – в акимате города Астаны, акимате Мангистауской области, Министерстве юстиции и в Агентстве по делам государственной службы и противодействию коррупции.

Чем отличается новая система оплаты труда от старой?

В традиционной версии системы оплаты труда учитывались стаж и категория служащего. Это иногда приводило к диспропорции в оплате труда и не помогало выявлять коэффициент полезного действия каждого из сотрудников.

Новая методология - факторно-балльная шкала - обеспечивает соблюдение двух основных принципов – это внутренняя справедливость и внешняя конкурентоспособность.

Теперь все должности оцениваются с учетом трех факторов:

- 1) необходимый уровень знаний, компетенций и опыта работы для эффективного осуществления должностных обязанностей;
- 2) степень сложности поставленных перед должностью задач;
- 3) степень ответственности за недостижение результата.

По каждому из факторов выводится балл, а их совокупность определяет место должности в новой сетке оплаты труда.

В результате оценки всех должностей они сгруппированы по четырем блокам:

- высший управленческий состав (ответственные секретари, руководители аппаратов и председатели комитетов);
- основной (должности отраслевых подразделений);
- содействующий (должности, ответственные за юридическое, финансовое, кадровое, информационно-технологическое сопровождение, связь с общественностью);
- вспомогательный (должности, ответственные за административно-хозяйственную деятельность).

В свою очередь, каждый из блоков состоит из 15 уровней с учетом иерархии должностей.

Как происходит оплата труда по новой системе?

Оплата труда госслужащих в пилотных организациях состоит из двух частей: постоянной и переменной.

К постоянной относится оплата должности, вычисленной по факторно-балльной шкале, то есть взвешенный и оцененный вклад служащего в достижении стратегических целей государственного органа.

Вторая же часть заработной платы ранее называлась премией, теперь именуется бонусом. На этот приятный «бонус» могут рассчитывать только результативные служащие, для чего Агентством введена система оценки эффективности их деятельности.

Есть еще одно отличие в отношении бывших премий. В прошлом, если организация, в которой Вы усердно трудитесь, не имеет экономии фонда заработной платы, то никакие Ваши усилия не могли бы позволить руководству Вас поощрить. Теперь же организован общий Бонусный фонд, благодаря которому каждый служащий из любого госоргана имеет право на «бонус» за отличные профессиональные успехи.

Кстати, в случае, если сотрудник в течение двух лет подряд будет получать оценку «неудовлетворительно», то он будет уволен с государственной службы.

Каковы предварительные результаты внедрения пилотного проекта?

Председатель Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции Алик Шпекбаев, подводя итоги деятельности за первое полугодие на расширенном заседании коллегии, отметил положительные результаты апробации новой системы оплаты труда госслужащих и озвучил следующие цифры: в АДГСПК и акиматах по г. Астана и Мангистауской области отток кадров снизился в 2 раза, а конкурс на одно место вырос в 3 раза, в Министерстве юстиции сменяемость сведена к минимуму и отмечается 2-кратный рост приема сотрудников с зарубежным образованием.

Заместитель руководителя Департамента Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по городу Астана Ж. Жылкышиева в своей

статье отметила положительный результат внедрения новой системы оплаты труда на конкретном примере: «...Уже сейчас можно говорить о положительных результатах пилотного проекта и повышении привлекательности государственной службы. К примеру, по Департаменту по делам государственной службы и противодействию коррупции по г. Астана заработная плата уже увеличилась до 2,5 раз. Если раньше главному специалисту начисляли заработную плату в размере 102 тыс. тенге и он получал 80 тыс. тенге, сейчас начисляют 230 тыс. тенге и получает на руки 180 тыс. тенге. Так, в ходе конкурса по занятию вакантной должности ведущего специалиста увеличилось количество участников в 10 раз на одно место до 32 чел., при этом более половины участников – это действующие госслужащие из других госорганов...».

Какие шаги будут предприняты далее?

Опираясь на положительные результаты внедрения пилотного проекта, реализуется проект по внедрению Общего центра обслуживания по кадровому делопроизводству, затем планируется централизация госзакупок и юридической службы.

Для повышения привлекательности государственной службы Агентством инициируется решение вопроса по увеличению социального пакета для госслужащих, в котором будет учтено введение льготного жилищного и пенсионного обеспечения, а также создание условий для оздоровления.

По завершении пилотной апробации факторно-балльной шкалы будет принято решение о сроках внедрения новой системы в масштабах республики.



«Адами капитал – жаңғыру негізі: БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ»



Гүлнар Қанапияқызы

Президент Нұрсұлтан Назарбаев халыққа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын ұсынады. Бұл Жолдау жаңа әлемге, яғни Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін не істеу қажеттігін айқындайды. Соның ішінде білім саласына тоқталсақ: «адами капитал – жаңғыру негізі. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет.

Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады.

Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар.

«Баршаға тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру қажет» - деген еді. Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мырзаның айтуы бойынша: «Орта білімге өткен жылы ең көп көңіл бөлінді. Бұл деңгейінде

кестеге сәйкес жаңартылған мазмұнға көшу жұмыстары жалғасуда. Жаңа оқу жылынан бастап 3, 6, 8-ші сыныптар мазмұны жаңартылған бағдарламамен оқып жүр.

4, 9, 10-шы сыныптарда апробация басталады. Кезең-кезеңімен көшіп отырмыз. Мұғалімдер дайын. Оқулықтар дайын. Қазіргі күні Республика бойынша оқулықтарды мектептерге жеткізу 99,4%-ды құрады. Оқулықтардың сапасын жақсарту үшін көп жұмыс жасалды. Биыл оқулықтардың сапасы жоғары болады деп сенеміз. Оқулықтардың электрондық нұсқалары енгізілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-7-ші сыныптарда «Өлкетану» курсы биыл алғаш рет енгізіледі. Биыл «Информатика» пәні 3-ші сыныптан басталады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының аясында информатика сабағы келесі жылдан 1-2-ші сыныптарда енгізіледі. Олардың бағдарламалары дайындалуда.

Цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылуда. Әр пән бойынша ресурстар мектептерге 100% жеткізілді, енді мұғалімдер оны тиімді пайдалана білуі қажет. Министрлік ұсынысымен жаңа оқу жылынан бастап әр балаға жеке логин беріледі. Енді цифрлық ресурстар үйде де, мектепте де бәріне тегін, қолжетімді болады.

Мектептерге келсек, электронды құжаттарды кең жолақты Интернеті жоқ мектептерде ғана қағаз түрінде толтыруға рұқсат беріледі.

Цифрландыру, яғни IT технологиялар мен робототехниканы дамыту үшін қосымша білім берудің мүмкіндіктерін пайдалану керек. Жергілікті атқарушы органдар робототехника, бағдарламалау, 3D-принтинг сыныптарын ашуда. Қазіргі уақытта бір жарым мың (1 500) мектепте осындай сыныптар бар. Әрі қарай барлық өңірлерде IT-лицейлерін ашу жоспарлануда», – деді.

Ал біз болсақ, осы жолдау аясында біздің білім беру ошақтары қалай жұмыс жүргізуде деген оймен Сіздердің назарларыңызға Астана қаласының №1 Бәйтерек балабақшасы мен Балқаш қаласындағы техникалық колледждің өмірі жайлы мағлұмат беріп, жұмыстарымен танысуды жөн көрдік.

Бүгінгі кәсібің – ертеңгі нәсібің

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауында «Біз техникалық және кәсіптік білімнің рөлін жаңаша сезінуге тиіспіз. Үкімет, барлық деңгейдегі жастарға кәсіптік білім беретін оқу орындары желісін дамытуға

бағытталған пәрменді шараларды қолдануға тиіс», – деп білім нарығындағы бәсекелестікте мамандардың қажеттілігі – біліктілік деңгейімен айқындалатынын баса айтқан.

Әр оқу мекемесінің міндеті білім беруді дамыту бағдарламасына сәйкес сапалы білім беру мақсатында түрлі оқу әдістемелерін, практикалық іс-шараларда тәрбиелік мақсатпен ұштастыру болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің басты бағыты – кәсіби білім берудің тиімділігін арттыру болып табылады. Кәсіби білім – қандай да бір кәсіп аясында біліктілік қызметіне қажетті жүйелі білік, дағдыларды игеру процесі, құралы мен нәтижесі, және де сол кәсіби ортаға сай мінез-құлық ережелері мен нормаларды сақтауды қарастырады.

Осындай еліміздің әлеуеті мен экономикасын көтеруде зор үлес қосып келе жатқан жұмысшы мамандарды дайындауда жарты ғасырдан аса тарихы бар «Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» Р. Қошқарбаев атындағы Балқаш техникалық колледжі жайлы біле отырайық. Батыр есімі берілген білім ордасы жас мамандардың сапалы білім, кәсіби шеберлік алуымен қатар, заман талабына сай білімді, білікті маман иелері болып, нарық заманының бәсекесіне түсе алатын, түскен ортасында өзінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын өз мамандығының жан жақты шебері болуын басты назарға алып отырады екен.

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриялық-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаны бәрімізге белгілі.

«Біздің ойымызша студенттердің білімін көтеру ісі ең алдымен оның өзіне қарай бағытталғанда ғана студенттердің өз санасын дамытып, атқарып отырған қызметінің мәнін терең ұғынуы, соған сәйкес өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін қалыптастыруды, кәсіби шығармашылықтың биіктеріне жетуді қамтамасыз ететін болады. Біздің колледжде студенттер арасында бір-біріне көмек көрсетуі, өндірістік практика кезінде бір-бірімен ақпарат алмасуы, өз тәжірибелерімен бөлісуі, студенттердің жұмыс жасау әдістері туралы пікір алмасуы күнделікті қадағаланып отырылады», – дейді Балқаш техникалық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айнагүл Серғазықызы.

Колледж студенттері өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Өздігінен шешім қабылдай алу қасиеті қалыптасқан студент теория мен тәжірибені бірдей меңгеріп, осының нәтижесінде бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан, ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделіп, өндірістегі әртүрлі жағдаяттарға сәйкес шешім қабылдай алады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Осы орайда техникалық колледжі студенттері өздерін білімділігімен қатар кез-келген деңгейдегі, формадағы іс шараларға қатысып, өздерінің шығармашыл, жан-жақты екендіктерін көрсетуде. Колледж студенттері республикалық, облыстық, халықаралық конференцияларға, конкурстарға, спорттық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған екен.

Соның бірі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында Қарағанды облысы бойынша ұйымдастырылып, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «WORLD SKILLS KARAGANDA» өңіраралық чемпионатын атауға болады. Чемпионаттың мақсаты

болашақта бәсекеге қабілетті маман дайындаудағы студенттердің білім сапасын, іскерлігін анықтау.

2016-2017 оқу жылында өткізілген аталмыш сайысқа «Дәнекерлеу ісі бойынша» колледж студенті Горн Александр қатысып, 1 орынға ие болса, 2017-2018 оқу жылында біздің колледжден үш мамандық бойынша 6 студент қатысты. Осы чемпионатта «Слесарлық іс» құзиреттілігі бойынша біздің студентіміз Әсімхан Жасұлан 4 модуль бойынша 52,4 балл жинап, 3 орынға тұрақтап, алғысхатпен марапатталса, «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша 2 курс студенті Сейсекеев Ерасыл қатысып, 18 команданың арасында 4 орынға ие болды.

«Сылақшы» мамандығы бойынша «Құрғақ сылақ және сылақ жұмыстарына» Рүстем Садыбаев қатысып, 10 команданың арасында 7 орынды қанағат тұтса, «Кірпішпен қалау» құзиреттілігіне Толбатов Максим, «Сырлау және декоративті жұмыстар» құзиреттілігінде Шыныбаев Самат 4 орындарға ие болғанын оқу орны басшылығы мақтан тұтып, «техникалық және кәсіптік білімнің» ертеңі жарқын екеніне күмән келтірмейді.

Қазіргідей білім беру саласында кәсіби қызығушылықты қалыптастыру мәселесі жаңа тұрғыдан бой көтерген заманда, әрбір бүгінгі студент – ертеңгі маман өзінің қабілеті мен білімін тиімді пайдаланып қана қоймай, еңбек нарығында бәсекелестікке әзір болуы керек. Сондықтан, болашақ маманның алған білімін толықтырып, теориялық білімді практика жүзінде іске асырып, дәлелдеуі үшін осындай сайыстардың маңызы өте жоғары. Болашақ кәсіби маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Осы талаптың негізінде, міндеттерді орындай отырып, біріге жұмыс жасау сіз бен біздің міндетіміз, – деген оқу ісі меңгерушісімен біз де келісеміз. Себебі, бұл мамандық иелері нағыз халықтық кәсіпке айналмақ.

Ұлт болашағы балабақшадан басталады

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы бойынша оқудың сапасын жоғарылатып, үш тілдікті дамыту, электронды кітаптармен жұмыс, бейнебақылау, робототехника және тағы да басқа білім берудің түрлерін цифрландыру – алға қойылған мақсаттардың бірі. Осы тұрғыдан білім ошақтарының хал-жағдайын білуді балабақшадан бастағанды жөн көрдік. Балаларымыз болашаққа ең алғаш қадамын балабақшадан бастап, мектеп табалдырығына дайындықты да балабақшадан алады. Ендеше, осы балабақшалармен жақын танысу үшін Елордамыздың №1 «Бәйтерек» балабақшасына қарай беттедік. Білім және ғылым министрлігі Құқықтық және нормативтік актілерді



әзірлейтін сараптамалық тобының мүшесі, Астана қаласы Білім басқармасы бойынша балабақша меңгерушілер кеңесінің құрамында, e_astana сайтының жұмыс тобының мүшесі, №1 «Бәйтерек» балабақшасының меңгерушісі Гүлнар Қанапияқызымен сұхбаттасқанды жөн көрдік.

- **Гүлнар Қанапияқызы, өзіңіз білетіндей, Елбасының халыққа жолдауында «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет» делінген, осыған сіздің көзқарасыңыз?**

- Жалпы балалардың даму процесі ол бір жерде тоқтап тұрмайды, керісінше тереңдетіле береді. Балабақшадағы болсын, үйде анасымен дайындалып отырған бала болсын, ол ата-анасы мектепке берем деген уақытта беруге құқылы. Біздің жоғарғы алты жастағы даярлық топ пен бес жастағы даярлық топтың көрсеткіштері бірдей болды, сол себептен бес жаста дайындық курсынан өткен бала да, алты жастағы бала да бірдей мектеп бағдарламасын игерген болып есептеледі. Айырмашылығы тек қана жастарында, яғни алты жастағы бала физиологиялық, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда дайын, ал бес жастағы балалар, әрине, жас ерекшеліктерін байқатады.

- **Ал сонда бұл бастама дұрыс па? Сіздің жеке ойыңыз?**

- Оң қараймын, себебі былтырғы жылы осы жаңартылған бағдарлама бойынша біздің балабақша экспериментті жобамен жұмыс жасадық, яғни, 5 жастағы балаға оқып-жазып, ерте дамуына ықпал етіп, мектепке даярлық топ дайындадық. Бір қызығы 6 жастағы балаларымызбен бірдей деңгейге жетіп, бәрі дерлік мектеп табалдырығын аттады. Бұл өте жақсы көрсеткіш және ол балалардың ерте дамуына еш кедергі жоқ екенін одан әрі дәлелдей түсті. Бұрын балабақшалар балаларды 2 жастан алса, қазір 1-1,5 жастан қабылдауда.

- **Цифрландыру деңгейі қалай?**

- Балабақшадағы балалардың қабылдану процесі. Бұрынғы кезде ата-аналар көп құжат жинап өткізетін, одан соң ұзақ кезекте тұрып, үлгерсе ғана сол орынды ала алатын еді. Ал биылғы жылдан бастап бәрі цифрландырылды. Әр ата-ана кез келген уақытта үйінде отырып тіркеле береді. Және мұның бір артықшылығы, бұрын ата-ана жүгіріп жүріп кезекке койса да, мысалға күніне 200-300 орынмен шектелетін еді, ал цифрландырған жүйе бойынша одан екі есе көп нәтиже көрсетті. Әрине, бұдан соң мен цифрландыру деңгейі жоғары деп айта аламын.

- **Өзге балабақшаға қарағанда қандай ерекшеліктеріңіз бар?**

- Қала бойынша 95 мемлекеттік балабақша бар, солардың қатарында жүріп ерекшеленген сәтіміз – ол

осы цифрландыру жүйесіне кіруіміз, балалардың әр тобында бейнебақылау орнатылған. Ата-анамен баланың отбасының алдында, өзіміздің жұмысымыздың тазалығын да көрсетеміз.

- **Жоспарларыңыз қандай?**

- Астана қаласы бойынша 95 мемлекеттік балабақша бар деп айтып кеттім, бізді әртүрлі органдар тексеруге келеді, сол кезде жасап отырған жұмысымыздың тазалығы мен цифрланған деңгейіне жеткізу үшін, ортақ бір база жасасақ деп отырмыз, әрқайсымыз өз базамызды жасап, Астана қаласы бойынша ортақ бір база жасасақ деп жоспарлап отырмыз. Кез-келген мағлұматты тексеріп келген орган болсын, білгісі келген ата-ана болсын, қалаған уақытында келіп тексере алады. Міне, осы нақты цифрландыру болады. Жылдың аяғына дейін осы жоспарларымыздың жүзеге асуына жұмыстанып отырмыз.

- **Инклюзивті бағытта тәрбие беруге қалай қарайсыз?**

- Бұл өте астын сызып қойып көңіл бөлетін мәселе. Бірақ, қараңыз, ол баланың біреуін бір топқа алу үшін үш бала орын босатуы керек. Оларға арнайы жеке тәрбиешілер керек. Біз осыған келе жатырмыз, оның бәріне уақыт керек.

- **Елбасының жолдауы бойынша тағы қандай жоспарларыңыз бар?**

- Үш тілді болуға ұмтылып жатқаннан соң, оны балабақшадан бастаған дұрыс қой, ағылшын тілі жолға қойылған. Екі кабинетті дайындап отырмын робототехника сабағына. Электронды оқулықтар жұмыс жоспарында тұр. Одан кейінгі астын сызып айтатын нәрсе, ол тамақ дайындау процесін цифрландыру. Ол қалай дейсіз ғой, тамақтың құрамындағы майлар мен ақуыздардың, дәрумендердің керекті нормасын шығару, тамақтың биохимиялық анализін көрсетуді, есептеп, талдау жүргізуді цифрландыру жұмыс жоспарында.

- **Сұхбатыңызға рахмет! Болашағымыздың бастау алатын қайнар бұлағы – балабақша көркейе берсін!**



Четвертая инициатива в цифрах и фактах

В марте текущего года на совместном заседании палат Парламента Глава государства выступил с 5 социальными инициативами, направленными на улучшение качества жизни казахстанцев.

Напомним, первая инициатива затрагивала вопросы новых возможностей для приобретения жилья, вторая – снижения налоговой нагрузки для низкооплачиваемых работников, третья инициатива конкретно коснулась молодого поколения соотечественников, так как президентом был озвучен курс на повышение доступности качества высшего образования и на решение вопроса строительства новых студенческих общежитий. Четвертой инициативой, заслушанной Парламентом, стала идея расширения микрокредитования. И пятая - дальнейшая газификация страны.

Относительно Четвертой социальной инициативы Главы государства в Министерстве труда и социальной защиты населения ответили, что она направлена на расширение микрокредитования в сельской местности и городах.

Администратором программы микрокредитования в сельской местности является Министерство сельского хозяйства, в городах и моногородах – Министерство национальной экономики. Данными госструктурами и местными исполнительными органами детально проработаны и своевременно внедряются конкретные механизмы реализации Четвертой инициативы президента страны.

В ведомстве отметили, что подобный подход к идее расширения микрокредитования одновременно позволяет решать комплексные задачи по развитию предпринимательства, созданию рабочих мест, росту доходов наименее обеспеченной категории населения, а также формализации самозанятого населения.

Раскрывая тему Четвертой инициативы, надо сказать, что микрокредитование сегодня реализуется в рамках Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы и является наиболее эффективным механизмом по развитию массового предпринимательства.



Всего в 2017 году было предусмотрено на программу микрокредитования 41,2 млрд тенге, в том числе 14,2 млрд тенге в городах и моногородах и 27,1 млрд тенге в сельской местности.

